



MÁSELE

БАЛЫҚ ҚОРЫН ҚАЙТСЕК МОЛАЙТАМЫЗ?

Өткен өмір жолдарыма көз салсам, күні кеше ақ бас толқындары жағаны жарыса ұрғылап жататын Арал теңізі көз алдымда көлбеңдей тұрады. Қырық жылдан астам уақыт бойы балық шаруашылығымен айналысқандықтан, осы саланың бүгінгі жай-күйі әңгіме болса, құлағым елең етіп, көңілге қуаныш сезімі ұялайды. Мұны айтып отырған себебім, сонау 1962 жылдан бастап теңіздің, дария-көлдердің, яғни, су айдындарының ел-халықтың асыраушысы болғандығы, бертін келе теңіз тартылып, аралдықтардың тұрмыс тауқыметін тартқандығы жан ауыртатын. Бүгінгі ұрпақтың бірі білер, бірі білмес, кезіндегі бекіре, қаяз, сазан, тыран, ақ балық, тісті, жайын секілді қырыққа жуық балық түрі келмеске кете барды. Несібелерінен айырылған кәсіп иелері үдере көшіп кеткен кезең де болды.

Бертін келе 1996 жылдары даниялықтар Аралға ат басын бұрып, Азов теңізінен әкелінген тұзды суда өніп-өсетін камбала балығын жіберді. Бұл балықшылардың ертеңгі күнге деген үмітін оятты.

Елбасының халықтың тіршілігі мен экологиялық ахуалға ерекше көңіл бөлуінің арқасында «САРАТС-1» жобасы қолға алынып, «Көкарал» бөгетінің салынуымен «кіші теңіз» қайта оралып, теңізде жоғалып кеткен балық түрі қайта пайда болды. Қазіргі таңда балық аулау көлемі 8 мың тоннаға жетіп, балықшылардың қуанышқа кенеліп отырған жайы бар. Алдағы уақытта облыста балық аулау көлемін 10 мың тоннаға жеткізу межеленіп отыр.

Десе де, бұл мақсаттың іске асуы үшін алдымен теңіз бен көлде балық қорын молайтуымыз керек. Айтайық. Сырдария өзенінің төменгі сағасында Қамбаш, Ақшатау, Тұщыкөл жүйелері, тағы да басқа көлдер мен көлшіктерді қосқанда олардың жалпы көлемі 30-40 мың гектарға жуық аумақты алып жатыр. Осы көлдердің суы толық кезінде, яғни өткен ғасырдың орта шенінде бірнеше мыңдаған тонна сан алуан балық түрі ауланатын. Оны айтасыз, күні кеше, яғни 1980-1990 жылдардың өзінде Қамбаш, Ақшатау көлдерінен жүздеген тонна балық ауланғанының куәсі болғанбыз. Өкініштісі сол, бүгінде осы көлдерде табиғи жағдайына байланысты еркін өсіп-өнгендіктен балық қоры жыл сайын азайып барады. Шыншын айтсақ, жергілікті балықтардың табиғи жағдайда еркін өсіп-өнуіне бүгінгі өзен бойындағы гидротехникалық су реттегіш құрылыстардың елеулі жағдайда кедергі келтіріп отырғаны көпшілікке мәлім. Мұның басты себебі, біздегі жергілікті балықтар жылы суда өсіп-өнетін жартылай өткінші (полупроходной) балықтардың түріне жатады. Яғни, (семейство карповые) сазан, тыран, ақбалық, торта, тағы басқа балықтары, сол сияқты басқа аталықтағы: жайын, көксерке балықтары өндірістік дәрежеде аулануда. Мұны айтып отырған себебім, осы аталған балықтардың биологиялық талаптары негізінде теңізде еркін жайылып, қонданып, ал күзде дария арқылы көлдерге өтіп, кейбір түрлері, атап айтар болсам, қаяз, ақбалық, бекіре дарияда уылдырық шашуға тиіс.

2-БЕТ



ҚАЙТА
ТҮЛЕГЕН
ЕҢБЕКШІ

2



ТУҒАН
АУЫЛЫН
ТҮЛЕТКЕНДЕР

4

ШҰБАТ САҚТАУДЫҢ ҮЗДІК ҮЛГІСІ



Облыстағы өндірісі мен кәсіпкерлігі қатар қанат жайған өңірдің бірі – Шиелі ауданы. Бұл ауданда шағын және орта бизнесті дамыту жолға қойылған. Жұмысына жеке-дара тоқталатын кәсіпкердің бірі – Сабыр Ермаханов.

Осыдан екі жыл бұрын Наурыз мерекесі қарсаңында Шиеліде шұбат өңдейтін цех іске қосылған болатын. Кәсіпкер Сабыр Ермахановтың бастамасымен ашылған шұбат өңдеу цехында 7 түрлі өнім өндіріледі. Аталған өнім өңдеу орнының жобалық құны 45 млн теңгені құраса, бұл қаржыны еш жерден несие алмастан, кәсіпкер өз қалтасынан шығарған. Цехта алғашқы кезекте тәулігіне 400 литр түйе сүтін өңдеу жоспарланған. Бүгінде өндіріс орны 1 тонна сүт өнімін өңдеуге қауқарлы. Мұнда 5 адам жұмыспен қамтылған.

Өнімнің сапалы да тауарлық сипаты жақсы болуы үшін онда қызмет жасайтын мамандардың жақсы білімі мен тәжірибесі болуы шарт. Бұл орайда кәсіпкердің жас мамандардың тәжірибе алмасуын, арнайы курстардан өтуін қаржыландырып, үлкен мән беріп келе жатқандығы қуантады. Мәселен, Баян Дүйсенбек – жоғары білімімен қоса арнайы курстардан өтіп, шұбат өңдеу ісіне маманданған жан. Ойға түйгендерін жүзеге асыра бастағандықтары олардың алғашқы еңбек күнінен айқын байқалып, өңделген түйе сүтінен дәм татқан аудан ардагерлері ризашылығын білдірісіп жатты.

Биология ғылымының докторы, Еуразия ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі Әсия Серікбаева өз шәкірті Баян Сабырқызымен бірге үлкен ізденісті жұмыс жүргізді. Нәтижесінде «Ару Ана» сүт өнімдерін өңдеу кәсіпорнында 5 компоненттен тұратын, 5 айға дейін

сақталатын жаңа ашытқы қолданысқа енді. Бұл – Қазақстан бойынша алғаш жасалған ұзақ мерзімге жарамды ашытқы. Айтылған мәлімет – бүгінгі өндірістің қарқынды дамып, өнімдерінің көпшілік сұранысына ие екенінің айқын дәлелі.

Еңбек жолын 2016 жылдан бастап «Ару Ана» кәсіпорнынан бастаған Баян Сабырқызының аталған өндіріске сіңірген еңбегі мол. 2015 жылы Еуразия Ұлттық университетінің Биотехнология мамандығын үздік тәмамдаған ол қазіргі таңда Алматы технологиялық университетінің магистранты.

Осындай жұмыстарға бастамашы болған жас ғалым алдағы жоспарымен де бөлісті.

– Қазіргі таңда біз сыыр сүтін азарциялау арқылы қымыз сусынын өндіруді қолға алдық. Ұлттық сараптамалық орталығымен тығыз байланыс орнатып, жаңа жобаны патенттеу үстіндеміз. Алдымыздағы жылда осы өніммен халықты қамтамасыз ету ойымызда бар. Ендігі кезекті жобам – сыырдың қаны арқылы оның ауруын анықтайтын ғылыми-тәжірибелік жұмыс. Ол «Иммунохроматографиялық тест жүйесі» арқылы мал ауруын 20 минут ішінде анықтайды. Соның ішінде малдан аусыл ауруын анықтауда ғылыми-тәжірибелік жұмыстар жасалды. Сонымен қатар жыл сайын цехтың құрылғыларын жаңартып, өндіріс ауқымын кеңейтуді қолға алмақшымыз, – деді ол.

Шиелі аудандық «Ару Ана» сүт өнімдерін өңдеу цехы халықты шұбат, айран, сүзбе, қымыз, ірімшік, балмұздақ өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Майлылығы 6 проценті балмұздақтың мұнда шоколадты, ванильді, құпиянайлы «бубл гум» кілегейлі түрлері өндіріледі. Құрамы тек табиғи сүт өнімдерінен тұратын балмұздақ бала денсаулығына пайдалы. Қай жағынан алсақ та, шұбат – жанға қуат. Медицинада да емдік сусын ретінде мойындалған. Көзін тауып, өңдей білсе, түйенің жүні де өнеркәсіпте таптырмайтын шикізат.

Біз әңгімеге арқау еткен кәсіпорында шұбат сақтаудың үздік үлгісі жасалған. Оны өндіріске енгізген өз жерлестері екенін Шиелі жұртшылығы мақтанышпен айтады.

Арайлым ӨТЕПОВА.
Шиелі ауданы.

Сіз бен біз куә болып жүргендей, өңірде білім беру саласының жаңа дәуірі жүріп жатыр. Бұл салада биыл 15 нысан пайдалануға берілсе, жалпы білім берудің сапасын арттыру бағытында барынша қажетті шаралар қолға алынған. Айталық, жыл сайын ауылдық жерлердегі көпбалалы және тұрмысы төмен отбасынан шыққан түлектер үшін облыс әкімінің гранты бөлінеді. Бүгінде аталған грантты иеленушілер саны 700-ге жетіп отыр. Осы жылы бұл санаттағы 205 бала еліміздің жетекші оқу орындарында оқуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ, қазіргі заман талабына сай облыс әкімі грантының 70 процентін ақпараттық технологиялар саласындағы мамандықтарға беру қарастырылған.

БІЛІМ: АЙРЫҚША ҚОЛДАУДЫҢ АЙҚЫН НӘТИЖЕСІ



Жалпы бұл жұмыстар соңғы бес жылда жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Осы жылдар аралығында мектеп бітірген түлектердің отандық және ресейлік таңдаулы оқу орындарында білім алуына облыс әкімі тарапынан тиісті қолдаулар жасалып келеді. Бүгінге дейін Ресейдің инженерлік оқу орындарында 500-ге жуық аймақ жастары білім алып жатқанын білеміз. Олардың алғашқы легі дипломын алып, елге оралуда. Бұл орайда аймақтағы «КазАтомПром», «ТехубаШиеліЦемент», «Кристалл менеджмент», тағы басқа бірқатар кәсіпорын жас мамандарды жұмысқа қабылдауға дайын.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, алдағы уақытта IT мамандарын даярлауға басымдық беріледі. Оның аясында Татарстан еліндегі «Иннополис» университетімен келісім жасалып, Мәскеудегі «Сколково» инновациялық орталығымен ынтымақтастық секілді бастамалардың оң нәтиже берері сөзсіз. Оған қоса, биылғы жылдан бастап М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің «Киберқауіпсіздік», «Процестерді математикалық модельдеу» мамандықтары бойынша Қызылорда жастарына магистратурада оқу үшін 20 грант бөлінді. Сонымен қатар, облыс әкімінің бастамасымен Астанада, ЕвразЭЭС-тің парламентаралық Ассамблеясы жанындағы университетпен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Аталған жоғары оқу орнында «Юриспруденция», «Сервис», «Туризм», «Экономика», «Менеджмент», «Декоративті қолөнер және халықтық кәсіпшілік» сияқты бүгінгі заман сұранысына сай қызмет түрлері бойынша мамандар даярлайды. Облыс әкімі атап өткендей, қазір – қабілеттілікке қол жеткізетін ең қажетті деген маман кадрларды дайындау заманы. Аталған келісім аясында университет жыл сайын емтиханды сәтті тапсырған Сыр өңірінің түлектеріне 10 білім беру грантын бөлетін болып отыр. Өңір жастары үшін бұл – өте үлкен мүмкіндік.

Әлбетте, мұндай мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін түлектердің таңдауын ерте анықтап, оларға күні бұрын кеңес берудің маңызы зор. Бұл орайда бітіруші түлектердің өз болашағын тиімді жоспарлап, бүгінгі өмір талабына сай мамандықтар таңдауына барынша жағдай жасалуда. Атап айтқанда, бітіруші түлектерді ҰБТ-ға дайындау барысында олардың қабілет-қарымына қарай тиімді таңдау жасауына білікті педагогтар тарапынан бағыт-бағдар беріледі.

Осы жұмыстардың оң нәтижесі болар, өткен жылы облыста ҰЛТТЫҚ БЫРҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ 82,4 БАЛЛДЫ ҚҰРАП, ТҮЛЕКТЕРДІҢ 97 ПРОЦЕНТІ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТІ АТАНДЫ. АЛ БИЫЛҒЫ ҰБТ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ОРТАША БІЛІМ ДЕНГЕЙІ 85,82 БАЛЛДЫ ҚҰРАДЫ. БҰЛ КӨРСЕТКІШ ӨТКЕН ЖЫЛҒЫДАН 3,5 БАЛҒА ЖОҒАРЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, 100 БАЛДАН ЖОҒАРЫ ЖИНАҒАН ОҚУШЫЛАР САНЫ ДА 20%-КЕ АРТҚАН. БҰҒАН ҚАРАП, БИЫЛҒЫ БІТІРУШІЛЕРДІҢ ДЕ БАСЫМ БӨЛІГІ ӨЗ ТАҢДАУЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕТІННІНЕ СЕНІМ АРТУҒА БОЛАДЫ.

Дегенмен, жүзден астам оқушы шекті 50 баллды жинай алмады. Бұл жалпы ҰБТ-ға қатысқандардың 2,3%-ін құрады, өткен жылға қарағанда біршама аз. Айта кетейік, олардың ҰБТ-ны қайта тапсырып, қажетті шешім қабылдауына әлі де мүмкіндігі бар. Қалай болғанда да, бұл жастардың қоғамнан тысқары қалмай, талабы мен талпынысына сай таңдау жасауына лайықты қолдау.

Қай қоғамда да адамзат үшін басты құндылықтардың бірі – білім. Бүгінгі жаһандық даму сатысында бұл тұжырымның маңызы тіпті арта түскендей. Сондықтан аймақта жас ұрпақ келешегін қоғам талабына сай қалыптастыруда кешенді жоспар бар. Ал тиянақты жүзеге асқан жо-спар – бүгіннің игілігі, келешектің кемел жемісі. Демек, Сыр түлектерінің әлі талай асуларды ала-тынына күмәніңіз болмасын.

Ғазиза ӘБИЛДА,
"Сыр бойы".

1-БЕТ

БАЛЫҚ ҚОРЫН ҚАЙТСЕК МОЛАЙТАМЫЗ?

Осыған байланысты «Ақлақ» су тоспасында балықтар өтетін қондырғы қарастырылғанымен ол мақсатын өте дәрәжесінде мүлдем орындай алмай отыр. Сонымен қатар, жоғарыда аталған балықтардың күз айында дарияға кіру миграциялық кезінде, (қазан-қараша) өте қатан және жыл он екі ай бойы қорғалатын аймақ екені мәлім. Себебі, бұл кедергісіз өрлеп кіретін балықтар алдағы жазғытұрымда уылдырық шашатын балықтар тобы. Өз дәрежесінде шашылған уылдырық сол жылы личинкаға айналады. Ал, сол майда шабақтар үш-төрт жылдан соң белгілі бір бөлігі өніп-өсу жасына жетіп, балық аулау көлемін ұлғайтудың бірден-бір көзі болып табылады. Бұл ихтиологиялық тілмен айтқанда, балық тұқымының көп өнген жылы болып белгіленеді. Сөйтіп, келешектегі ауланатын балықтың қорын молайтады. Балық қорын азайтуға ықпал етіп отырған тағы бір жағдай – балықтың өте жоғары қарқынмен аулануында. Яғни, оның белгіленген лимиті сақталмауы мүмкін. Әсіресе, аса сұраныстағы тісті (судак), жайын, сазан балықтарының шектен тыс аулануын бақылау әсте мүмкін емес. Әсіресе, торта балығын аулауға қатысты көзі 40 мм ау құралдары 1-2 шақырым ұзындықта салынып жүр. Содан да осы ауға жоғарыдағы құнды балықтардың шабақтары көптеп түсіп, өніп-өсірілмей, жас күйінде ауланып жатыр. Салыстырмалы тілмен айтқанда, бұл мүйізді ірі қараны өзі емес, оның бұзау-баспақтарын сойыстыққа жібергенмен бірдей. Демек, еспеген, яғни өндіріске жарамсыз балықтар қоры ауланып, балық аулау ережесі ішінара болса да бұзылатын жайы бар. Осы жағдайға байланысты айтпағым, балық аулау құралдарының тар көздеріне ерекше көңіл аударып, оның ережеге, яғни заңдылыққа сәйкес болуын қатан бақылауға алуға тиіспіз.

Өзіміз көп жылғы балықшылық тәжірибем мен ихтиолог балық маманы ретінде «САРАТС» жобасының



екінші кезеңінде ескерілсе деген оймен көкейімде жүрген бір-жар ұсынысымды ортаға салғым келеді.

Бірінші, Сырдария өзенінің негізгі арнасының теңізге құяр сағасы «Ақлақ» су тоспасынан жоғарғы «Сағымбай» каналы – «Қарашалаң» көлі – Тәуір өзегі арқылы құйдырылса құба-құп болар еді.

Екінші, Сырдария өзенінің белгілі бір үлкен мөлшерін Сағымбай каналымен қоса, бүгінде кеңейтіліп жатқан Балғабай, Бекетай каналдары мен Тұщы көлі арқылы Ақбике теңіз қолтықтарынан құйдырылса. Сондай-ақ, осы каналдарға салынған және салынатын су реттегіш шлюздердің қуаттылығы секундына 20-25 текше метр көлемінде су өткізу қабілеті болатындай

көлемде салынса деймін. Мұндай құрылыс өте күрделі, яғни халықаралық дәрежедегі қаржыны талап етпейді деген ойдамын.

Тағы бір айтпағым, қазіргі дария суы теңізге толығымен «Көкарал» бөгетінің 9 очколы су реттегіш құрылысына 3-4 шақырым жерден құйып жатыр. Егер жоғарыда аталған каналдар арқылы Шағалалы-Ақбике теңіз қолтықтарынан құйылса, яғни шлюзден 30-40 шақырым қашықтаған кезде үлкен теңізге шлюз арқылы кетіп жатқан ірілі-уақты балықтар дарияға еркін көтеріліп, Қамбаш-Ақшатау көл жүйелеріне уылдырық шашуға мүмкіндік алар еді.

Көл мен теңіз көлденең табыстың көзі емес, оны жүйелі, мақсатты пайдаланғанда ғана нәтиже береді. Сондықтан бұл істен кәсіпкерлер де қалыс қалмауы керек. Соңғы бір ұсынысым, зауыттық әдіспен өсірілетін биотехникалық нормативтері бар болған жағдайда, ірі кәсіпкерлердің ықпалын пайдалана отырып, өте құнды тісті (көксерке) балығын бейімделген көл табандары мен тоғандар да, қолдан өсіріліп, өндірістік маңызы бар көлдер мен Кіші теңізге жіберіліп, балықтандырылса, нұр үстіне нұр болар еді. Осы орайда қазір облыста қолға алынған тауарлы көлдер бағдарламасына үлкен үміт арттамыз.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, «Кіші теңіз» қайта оралып, ел-халықтың несібесі молайып келеді. «Кіші Арал» – аралдықтардың ғана емес, бүкіл Сыр аймағының асыраушысы. Ендеше теңіздегі балық қорын азайтпау, қайта қорғау – біздің азаматтық парызымыз. Балық қорын молайту арқылы ғана кәсіпшіліктің өркендей түсуіне негіз қалаймыз.

Кемал ЖАЙМАҒАНБЕТОВ,
еңбек ардагері, балық маманы.
Қызылорда қаласы.

TIREKTI AҮҮЛ

ҚАЙТА ТҮЛЕГЕН ЕҢБЕКШІ



Әр өңірдің көркеюі мен өскелең талапқа сай өркен жаюы жалпы еліміздің даму барысын аңғартады. Мемлекет басшысы да елді мекендердің өркеніет талабына сай сәулеттенуін басты назарда ұстап отыр. Осы бағытта әр аймақта тіректі ауылдар іріктелгені анық. Шиелі ауданына қарасты Еңбекші ауылы осы тізімнің бел ортасында тұр.

Қарт Қаратау етегіндегі Еңбекші ауылдық округтің өзіндік ерекшелігі бар. Негізгі тірлігі мал шаруашылығы болғанымен, ауыл тұрғындары егін салудан да кетері емес. Еңбекші елді мекенімен тұрады. Еңбекші және Қосүйеңкі елді мекені.

Ауылдық округ бойынша 1 орта мектеп, 1 негізгі мектеп, фельдшерлік

пункт, дәрігерлік амбулатория, клуб үйі, кітапхана, пошта бөлімшесі, 2 жеке балабақша тұрғындарға қызмет көрсетіп келеді. Міне, осы тіректі ауылға жуырда жолымыз түскен еді.

Жаңадан салынған құрылыс басында болдық. Бұл – 90-орындық балабақшаның ғимараты. Оның жобалық құны 296 млн теңге. Ғимарат, расында да, берік әрі сәулетті. Ілгеріде мұндай ғажап құрылыстар шеткі ауыл түгілі, аудан орталықтарының өзінде тұрғызыла бермейтін еді ғой, міне, тәуелсіз мемлекетіміздің тұрғындарына деген қамқорлығының бір парасы. Осы жерде ауыл әкімі Бейімбет Омаровпен де жүздесудің сәті түсті.

– Жұртшылық көңінен хабардар, өткен жылы елді мекенімізде дәрігерлік амбулатория салынып, толық пайдалануға

берілді. Ауылдастарымыз оның қызметін тиімді пайдаланып, аудан орталығына әрі-бері шапқылаудан құтылды. Бұл үшін көпшіліктің ризашылығы зор. Сондай-ақ, 150 орындық ауылдық клуб үйі мен 120 орындық спорт кешені пайдалануға берілді. Бұл енді ауылымыздың тіректі елді мекен қатарында болғандығының игі әсері. Елбасымыздың көреген саясаты мен елге деген қамқорлық аясы осындай нақты жұмыстар арқылы баянды болып келеді, – дейді ауыл әкімі.

«Жас келсе, іске» демекші, осыдан екі-үш жыл бұрын сайланбалы жолмен ауыл басшылығына тағайындалған жігіт өзінің үлкен ортада қызмет істеп, іскерлік қабілетін шындай түскенін көрсетті.

Халықты жұмыспен қамтуда жақсы нәтиже бар екен. Округте жүзден астам кәсіпкерлік нысан тіркелген. Ауыл

шаруашылық кооперативі жұмыс жасайды. Өткен жылдың өзінде жаңадан 8 жеке кәсіпкер, 3 шаруа қожалығы, 1 ауыл шаруашылығы кооперативі, 2 такси қызметі іске кіріскен.

Айталық, осы жылы Дастан Мақсұтханұлы ірі қара малын өсіруге өңірлік даму орталығынан 3 млн теңге несие алып, жұмысын бастапты. «Таубай» шаруа қожалығының жетекшісі Нұрлан Бібішев «Наурыз Демнен» 10 млн теңге несие алып, асылтұқымды қой шаруашылығын дамытуға үлес қосуда. «Ақманас» азық-түлік дүкені жеке кәсіпкер Мұханбетәлі Ермахановтың өз қаржысы есебінен ашылған. «Керімбеков Орал» шаруа қожалығы да осындағы жаңа еңбектің көзі. Сондай-ақ, кәсіпкерлік саласын жете меңгеріп ниеттідегі «Бастау-Бизнес» және «Бизнес кеңесшісі» жобаларымен көптеген азаматтар білім алуға ниет білдірген.

Облыс әкімі айтып жүргеніндей, қазіргі уақыт өте жылдам, жаңалықтардың легіне ілесу үшін әр адамның ізденіс үстінде өзін жетілдіріп отыруы талап етіледі. Осыны еңбекшіліктер салмақты ұстанымға айналдырған секілді. – Біздің бір мақсатымыз – жаңа жұмыс орындарын ашып, жақын елді мекендегі жұмыссыз азаматтарды осы елді мекенге тарту. Ол үшін кәсіпкерлік, мал шаруашылығын дамыту бағытында жұмыстар жүргізілуде, – дейді ауыл әкімі өз сөзінде.

Байқағанымыздай, Еңбекшіде бұған толық мүмкіншілік бар. Оның бір дәлелі елді мекен жерінде ванадий өндірумен айналысатын зауыт жұмыс істеп тұр.

Аудан әкімі Өшім Оразбекұлының талабына сай елді мекенге кіреберіс жерге ағаш егу, көркейту-қоғалдандыру, абаттандыру жұмыстары да қарқынды жүргізілген. Әрбір істегі жүйелілік, ұқыптылық көңіл тоғайтады.

Еңбекшінің жаңара түскеніне қуанамыз. Әр келгенде халықтың тұрмысын, кейінгі жылдары жасалған қыруар істі көріп, тәуелсіздіктің жемісіне марқайып, кемел келешекті көреміз. Бұл енді ауылдың дамуы, ал ауыл дамыған жерде қазақ өркениеті өрістей береді, – дейді кезінде Еңбекші кеңшарында директорлық қызмет атқарған Шиелі ауданының құрметті азаматы Жамалхан Баеутлы.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы, Еңбекші ауылы.

SHARA

Біздің елде «ұрпағыңмен мың жаса» деген жақсы тілек бар. Ұл-қызының бойында біреудің ала жібін аттамайтын тектілік, отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілік болса, ата-ананың ғана емес, тұтас ұлттың абыройы. Ондай елдің тірлігі тиянақты, бірлігі бекем. Бүгінде қоғамды дендеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қарқын алғанымен, көбіне салдарымен күресеміз. Ал негізгі себеп – сонау бала кездегі отбасы мен қоғам тәрбиесінде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «иммунитет» адам бойында бала кезден-ақ қалыптасуы керек. Осы мақсатта Аралдағы «Қамбаш» балалар сауықтыру лагерінде «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбындағы бір күндік шарасы өтті. Шараның өтуіне лагер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті және облыстық білім басқармасы ұйытқы болды.

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ БАЛАЛАР КӨЗІМЕН

Бүгінде республиканың барлық аймақтарында «Адал ұрпақ» жасөспірімдер қозғалысы жұмыс істейді. Облыс бойынша 280-нен асатын еріктілер клубында 15 мыңнан аса оқушы бар. Клубтың мақсаты – жас ұрпақтың бойында әділдік пен адалдықты жақтайтын, жемқорлыққа қарсы қасиет қалыптастыру. Жиын барысында департамент басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Абзал Мұхымов «Адал ұрпақ» жасөспірімдер қозғалысының ережесіне сәйкес патриоттық шаралар барлық білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

– Сыбайлас жемқорлық – экономиканың үлкен қасіреті. Сондықтан, «тәрбие тал бесіктен», «баланы түзегің келсе бесіктен баста» деген ел даналығы бар. Ең бастысы, отбасындағы өнеге, ал білім ордаларында, демалыс лагерлерінде тәрбиелік шаралар өткізу арқылы балалардың бойына рухани күш құюға болады деп ойлаймын. Шараны өткізудегі негізгі мақсатымыз – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, – дейді ол.

Лагерьдегі шара «Біз жемқорлыққа қарсымыз» флешмо-бынан басталып, «Қозғалыс – денсаулық кепілі» бұлдіршіндер арасындағы эстафеталық ойындарға жалғасты. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында облыс орталығындағы «Оқушылар үйінен» арнайы планетарий әкелініп, балалар аспан әлеміне саяхат жасады.

Бір отбасының қандай екенін балалары аңғартып қойса, қоғамның да қандайлығы бұлдіршіндер ойынан білініп қалады. «Жемқорлық – індет, жою міндет» атты пікірсайыс ойындарында жемқорлыққа тосқауыл қою бағытында бірнеше ұсыныстар айтылды. Айталық, «Үкімет» фракциясы балаларды жемқорлықтан сақтандыру үшін арнайы факультатив сабақтар ашылса деген ұсыныс айтса, «Оппозиция» фракциясы «Сыбайлас жемқорлық туралы балалар білмей-ақ қойсыншы, одан да мекемелердегі тәртіп мен жауапкершілік, оқу орындарында білім беру ісі күшейтілсін. Жұмыстың нақты нәтижесі сұралса, жемқорлыққа жол берілмейді» дейді. Бала – қоғамның айнасы. Дегенмен, пікірсайыс соңында олардың ойы бір арнаға тоғысты.

– Сыбайлас жемқорлық – жеңіл түрде пайда табу. Ал, жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүру ешкімге опа бермейді. Біз шындықтың көпірінен қашанда өтіріктің арбасы өте алмайтын айтқымыз келді, – дейді жеңімпаз Гүлдана Асанжанова.

Оқушылар лагері ішінде жемқорлықты жою мәселесін қызу талқыласа, алаңқайда бұлдіршіндер бормен сурет салды. Бір қызығы, олардың көбі жемқор адамды ішімдік пен шылғымға үйір адам түрінде бейнелеген. «Жемқорлық балалар көзімен» тақырыбындағы шарада жеңімпаз атанған бұлдіршіндердің бірі – Ақтөбе облысының Ырғыз ауданынан келген Айым Сембоғалиқызы.

– Біздің лагерьге келгенімізге бүгін екінші күн. Лагерь бес жұлдызды қонақ үй секілді, тіпті достарымыз Астанадағы ЭКСПО-ға ұқсастауда. Бүгінгі шаралардың барлығы ұнады, – дейді олар.

Балаларға бес жұлдызды қонақ үйден кем көрінбеген «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының ғимараты шынында да әдемі. Орталық жаз маусымында балаларды тынықтыру, сауықтыру мақсатында жұмыс істесе, қыста оқушыларды ҰҒТ-ға дайындайды. Қазірге дейін 5 ауысымда 750 баланың демалысын ұйымдастырса, алдағы екі ауысымда 150 баладан оқушылар қабылдауды жоспарлаған. Мұнда балалар 10 күн бойы түрлі үйірмелерге қатысып, «Қамбаш» көліне түсіп, табиғат аясында тыныстайды. Оқушылардың қауіпсіздігі мен білім беру ісіне жауапты 6 тәрбиеші, қосымша 6 білім беру педагогы жұмыс істейді.

Лагерьдегі бұл күнгі шаралар «Жемқорлықсыз болашақ» өнерпаздар гала-концертіне жалғасып, жеңімпаздар марапатталды. Күн ұясына батқан шақта «Достық алауы» тұтатылып, «Қамбаш» көлінің жағасы әнге бөленді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

BRIFING

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ЖЕРДІ МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖЕҢІЛДЕТІЛЕДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Қанат Нұрманов кәсіпкерлікке кең қолдау көрсету мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметі реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жер заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін айтты, кеңінен түсіндіріп берді.

Жер учаскесін алуға мүдделі тұлға кәсіпкерлік мақсат үшін жер учаскесін сұраған кезде ел алдымен қалалық жер бөлімі мен сәулет және қала құрылысы бөлімі жерді нысаналы мақсатты сай пайдалану мүмкіндігін анықтайды. Егерде, сұралған жер нысаналы пайдалану жағдайына сәйкес келетін болса, әкімдік немесе әкім сұралған жердің сауда-саттық арқылы берілетіндігін айтты, тікелей бере алмайтындығы мазмұнында шешім шығарады. Сол шешім шығарған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде сауда-саттық өткізілетін болады.

Брифингте Қанат Нұрманов жер заңнамасына сәйкес елді мекендер жерлері 4 функционалдық аймаққа бөлінетінін, осыған сәйкес, егерде кезінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілген жер учаскесінің нысаналы мақсатын коммерциялық мақсатқа ауыстырғыңыз келсе және де ол жер коммерциялық функционалдық аймақта орналасса, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертудің қажеті жоқ екенін атап өтті.

Биыл «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялап, жол картасы ұсынылған болатын. Онда кәсіпкерлерге жер учаскесін беру бойынша регламенттер әзірлеу тапсырылды. Нәтижесінде, регламенттерде кәсіпкерлер үшін жер учаскесін рәсімдеудің мерзімдері қысқартылған және бизнес процесі біршама оңтайландырылып отыр.

Бұрын қолданыстағы жер заңнамасына сәйкес жер учаскесін рәсімдеу (өтініш бергеннен бастап жер актісін тіркегенге дейін) 110-150 күнтізбелік күнді құраса, ал қазір 29 жұмыс күні ішінде жүзеге аспақ. Бүгінде барлық регламенттер қала және аудандар әкімдіктеріне жұмыс жасау үшін жолданды. Сонымен қатар оларды цифрландыру жүйесіне көшіру бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. Жер саласын цифрлық жүйеге көшіру бойынша Қызылорда облысы Алматы және Астана қалаларынан кейінгі «пилоттық облыс» болып бекітілді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

«СБ» ақпарат.



ТУҒАН JER

Ауылдағы алғашқы шарада «Саркүл қожа» мешітіне қаржылай демеушілік жасалды. Келесі кезекте ауыл жастары зор құанышқа кенелді. Мәдениет үйіне озық үлгідегі музыкалық аспаптар (электро гитаралар) сыйға тартқан аға-апаларына өнерсүйер жастар шынайы ризашылығын білдірді. Айта кетерлігі, мұндай музыкалық аспаптар мәдениет ошағына соңғы рет сонау 80-жылдары берілген еді. Араға көптеген жыл салып қолға тиген осынау аспаптар тұрғындарды шаттыққа бөледі. Мұнан соң «Жауқазын» балабақшасының бүлдіршіндеріне де сыйлықтар тапсырды. Өздері білім алған №94 мектепке әскери кедергілер алаңын жасақтауға қаржылай демеушілік жасаған бұрынғы түлектер осы шараның ашылу рәсіміне қатысты. Рәсім барысында Арықбалық ауылдық округінің әкімі Сапарбек Қуатов, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әли Шайқұл, кештің құрметті қонағы Алматы облысы, Балқаш аудандық мәслихат депутаты, Бақанас обқа қарсы күрес бөлімінің басшысы Айдар Әліпбаев, ардагер ұстаз Жолмырза Құлмағанбетов өздерінің ақ ниеттерін білдірді.

Арада 40 жыл өтті. Қазір олардың әрқайсысы бір-бір отбасының иесі. Айта кетерлігі, осынау түлектердің арасынан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау саласының үздігі, Алматы облысы, Балқаш аудандық СЭС-тің бас дәрігері, аудандық аналар кеңесінің төрайымы, облыстық «Үлгілі отбасы» байқауының жүлдегері Ғалия Жұмабаева-Әліпбаева, облыстық телеарнаның бас бухгалтері, кәсіби бухгалтер аталымының иегері Арынғазы Қайырбаев, білікті теміржолшы Әлима Беласарова, танымал кәсіпкер Анарбай Жалғасов, ұлағатты отбасы иелері Жетес Жақасов, Айжан Сәндібекова, үздік әлеуметтік қызметкер Күлімхан Бимырзаева, Төлебике Жұмағалиева, өзге де көптеген елге белгілі тұлғалар шықты. Қайда жүрсе де, қандай қызметте болмасын, олардың зердесінде ауылға, туған жерге деген құрмет, сағыныш сезімі ешқашан бәсең тартқан емес.

Мақаланы жазу барысында Қазалы аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ғани Темірбаевпен тілдескен болатынбыз. Оның айтуынша, аудан көлемінде жағымды жаңалық баршылық екен.

Бүгінгі таңда Қазалы ауданы бойынша діни ахуал тұрақты. Ауданда 23 мешіт жұмыс жасайды. Оған қоса, еліміздің діни оқу орындарында білім алып жатқан тұрғындар да бар. Өткен жылы республикалық деңгейдегі теолог ауданымызға шақырылып, кездесулер ұйымдастырылыпты. Аудан тұрғындарының діни сауатын арттыру және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу да басты назарға алынған. Бұл бағытта жұмыс тобы көптеген кездесулер өткізіп, жергілікті басылым беттерінде

«Туған жерге туынды тікті!». Біршама уақыт бұрын Жанқожа батыр ауылындағы тағылымды тірлікті көргенде осынау даналық сөз ойға оралған еді. Бұл күні аталған өлді мекендегі №94 мектепті 1978 жылы бітірген түлектер бас қосып, ауылдастарына көремет тарту жасағанын айта кету ләзім. Ауыл орталығынан белгіленген орынға тал өгіп, «Түлектер аллехысы» деген атау берген игілікті шараға Жетпісбай Қарасаев есімді азамат бастамашы болыпты. Ауылға Жетон өсімімен танымал осынау сұңғақ бойлы жігіт ағасы ауыл көлеміндегі жасыл желектің шынайы жанашыры десек, жалған емес. Үйіргелік жеріне түрлі жеміс ағаштарын отырғызып, күтіп-баптаудан жалықпайтын Жөкеңнің еңбегі өзгелерге үлгі қылуға әбден лайық.



ТУҒАН АУЫЛЫН ТҮЛЕТКЕНДЕР

мақалалар жарияланып, «Серік ТВ» телеарнасынан діни тақырыпта бейнероликтер көрсетілген.

– Қоғамдық сананы жаңғырту бойынша Мемлекет басшысының бағдарламалық мақаласын іске асыру мақсатында өткен жылы аудандық жобалық кеңсе құрылған болатын. Нақты кезеңде «Тәрбие және білім», «Атамекен», «Рухани қазына», «Ақпарат толқыны» кіші бағдарламаларының базалық бағыттары

бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жоспарланған іс-шараларға сәйкес ағымдағы жылы Ғ.Мұратбаевтың туғанына 116 жыл және Ғ.Мұратбаевтың мемориалдық музейінің 50 жылдығын атап өту межеленген. Жыл сайын дәстүрлі түрде КСРО Халық әртісі, Халық қайарманы Р.Бағланова мен «Қазақтың Ақ баяны» атанған Мәдина Ерәлиева атындағы «Ақбаян», «Жанкент – Қорқыт – Қобыз»

атты облыстық қобызшылар байқауы ұйымдастырылады. Сонымен бірге, Қазалы ауданының – 90, Өркендеу ауылына 50 жыл толуына байланысты атаулы мерекелік шаралар өткізілетін болады. Мемлекеттік рәміздерді насихаттау іс-шараларынан бөлек олардың стандартқа сәйкес қолданылуы, орнатылуы аудандық ішкі саясат бөлімі тарапынан күнделікті бақылауда. Аудан әкімі жанындағы

мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия отырысында барлық мемлекеттік мекеме басшыларына мемлекеттік рәміздердің ережесі сай пайдаланылуы мен стандартқа сәйкес қолданылуы бойынша бірқатар тапсырма берілді. Қазалы ауданы бойынша 50-ге жуық қоғамдық ұйым мен қор тіркелген. Олардың жұмысын жандандыру бағытында үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес жұмыс жасап келеді. Кеңестің жұмысшы органы аудандық ішкі саясат бөлімі», – дейді бөлім басшысы Ғани Темірбаев.

Тағы білгеніміз, «Мектепке тағзым» акциясы қарқынды жүргізіліпті. Акция барысында Қожабақы ауылындағы №25 орта мектепті әр жылдары бітірген түлектер ауылдық мәдениет үйінің ауласына қуыс 1 млн теңге тұратын фонтан, қомақты қаржыға жарықаспектісімен жасалған жабдықтарды жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, салт-дәстүрімізді насихаттау мақсатында ауыл орталығына құрып, «Айгүл» бөбекжай-балабақшасына арналған жиназдар, ойыншықтарды тарту еткен. Кәукей ауылының түлектері елді мекендегі мүмкіндігі шектеулі жандарға қол ұшын созып, «Ұлы рухты туған жер» атты аудандық айтқыша демеушілік жасапты. Осылайша Кәукей күнінің жоғары дәрежеде өтуіне атсалысқан. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Астана қаласының 20 жылдығы мерейтойына тарту, Ұлттық домбыра күніне орай «Шағала» жазғы тынығу лагерінде өткен мерекелік шарада күйшілер құмбірлетіп күй тартып, жыраулардың көмейінен жыр тегіліпті.

Ауданда жұмыс істейтін ірі компаниялардан бөлек, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында туған жерін абаттандырып, гүлдendirуіге көп күш салып, өзге де қайырымдылық істерге қаржылық демеу көрсетіп жүрген жекелеген азаматтар да аз емес. Акцияға белсене атсалысқан жандар халықтың алғысына бөленді. Жұырда аудан әкімдігінде қоғам жұмысына белсене атсалысып, қайырымдылық қызметтерді ауқымды түрде атқарып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан ұйымдар мен азаматтарды марапаттау мақсатында «Жомарт жүрек» салтанатты шарасы өткізілді. Онда аудан әкімінің орынбасары Әлімжан Жарылқағанов жобалық кеңсе құрамындағы сарапшылар кеңесінің шешімімен еселі еңбек еткені үшін «Жыл меценаты», «Туған өлке», «Жыл тұлғасы», «Жылдың үздік ұйымы», «Ерен еріктілік» номинациялары бойынша бірнеше азаматтарға және ұйымға диплом мен ескерткіш сыйлық табыстаған болатын. Еңбектің ескеруісі қалмағаны, қандай ғанибет!

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Қазалы ауданы.

JOMART JÜREK



АЛҒАН ҚОЛДАН БЕРГЕН ҚОЛ ҚАЙЫРЛЫ

Қайырымдылық жасау – адамның қанынан, әлде тегінен немесе өзегінен өрілетін қасиет. Жомарт жанның айналасына қамқорлық танытуы, ізгі амал жасауға сеп болуы – адамгершіліктің биік шыңы. – «Қармақшы ата» мешітінің бас имамы Асхат Жарқынбеков. Жосалы кентінде үздіксіз қайырымдылық шараларын жүргізіп келеді. Имамның бастамасымен кент дүкендерінде «Қайырымдылық сөресі» ашылды. Онда жақсы амал жасауға ниеттенген жандар сатып алған заттарының немесе азық-түлігінің мөлшерлі бөлігін қалдырып кете алады. Ал мұқтаж жандар керегін сөреден ала алады. Қайырымдылық жасаудың мұндай үлгісі облыста алғаш рет қолға алынып отыр. Аудан тұрғындары бұл бастамаға жоғары баға беріп, қолдан келген көмектерін беруде. Қайырымдылық жасаудың озық идеясын арқау еткен Асхат жетім балалар мен жесір аналарға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арнап жеке кәсіпкерлермен бірігіп, акциялар ұйымдастыруда. Мәселен, өрттен зардап шеккен отбасыға мешіт жамағатымен бірге үй құрылысын салып беруге қолғабыс берген.

Бүгінде облыс орталығынан бастап аудан-ауылдарда «әлеуметтік дүкендер» ашылуда. Мұндай дүкен Жосалы кентінде де бар. Бірақ заттар тегін үлестіріледі. Оны зейнеткер Пернеш Өтепова ашты. «Әлеуметтік мейірім орталығы» деп аталатын дүкенде киім-кешек, аяқ киім немесе үйге қажетті тұтыну заттары бар. Мұнда аудан халқы артылған, пайдаланылмаған немесе жарамды дүниелерін әкеліп өткізеді. Есесіне мұқтаж жандардың көңілін толтырады. Бұл сауатты іске жұмылған жандардың бір парасы. Ал ауданда жақсы іске жанашыр ізгі ниетті, ақ тілеулі ел азаматтары қамқорлыққа зору жандардың жанынан үнемі табылып жүретіні ақиқат. Мемлекет басшысының «Болашаққа

бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында қайырымдылық қасиеттерімен танылған бірқатар азаматқа аудан әкімі Сұлтан Мақанов «Жомарт жүрек» сыйлығын табыстап тұрып: – Қайырымдылық – адам баласы бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адам қасиеттердің кәдірлісі қайырымдылық болса, оны жасау қамқорлыққа зору жандардың жанашыр қамқоршысы болып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске қолынан келгенше көмектесіп, үлесін қосу – адамның азаматтық парызы. «Жомарт жүрек» сыйлығының лауреаттары туған өлкесінің әлеуметтік мәселелерін шешілуіне оң ықпалын тигізіп, қоғамдағы ізгі дәстүрлердің жалғасуына негіз болып

отыр. Ауданда маңызды жобаларды жүзеге асырып, «Жыл меценаты», «Туған өлке», «Жыл тұлғасы», «Жылдың үздік ұйымы», «Ерен еріктілік» аталымдары бойынша еліне жанашыр азаматтарымызды жас ұрпаққа үлгі ету керек. Туған топыраққа еңбегімен тағзым етер өздеріңіздей азаматтар көбейіп, қуаты арта берсін, – деді.

Арнайы құрылған комиссия шешімімен «Туған өлке» номинациясымен «Ақтөбе және К» ЖШС директоры Нұрлан Іздібаев, «Жыл меценаты» «Тұрмағамбет» ЖШС директоры Нұржан Пірмантаев, «Жыл тұлғасы» жеке кәсіпкер Алмасбек Қаржаубаев, «Жылдың үздік ұйымы» аталымымен Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы «Қармақшы ата» мешітінің бас имамы Асхат Жарқынбеков, «Ерен еріктілік» номинациясымен волонтерлік қызметтерге белсене қатысқаны үшін Пернеш Өтепова марапатталды.

Осылайша, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» бағыты аясындағы «Атамекен» шағын бағдарламасының «Жомарт жүрек» жобасына атсалысқан азаматтар құрметке бөленді. Олардың игілікті істерін елі, халқы әрдайым мақтан етіп жүретін болады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы»,
Қармақшы ауданы.

ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ, ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Тілге деген құрмет халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын жарқыратуымыз керек. Ана тілін сүйген адам туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – республиканың әрбір азаматының парызы.

Тіл – халықтың қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі.

Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ойлаудың,

дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың, ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың құралы және ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым.

Елбасының бастамасымен мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қоры құрылған. 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған мемлекеттік бағдарлама жасау – Мемлекет басшысының Үкіметке берген тікелей тапсырмасы. Осы бағдарламаны іске асырудың онжылдық кезеңі алдымызға жаңа міндеттер жүктейді. Президенттің «Қазақстан-2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындал келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бей-жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тілі мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз» делінген. Қазіргі таңда мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді дамытуға байланысты бірқатар жұмыстар атқарылуда. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келеді деп айтуға толық негіз бар.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп бекер айтылмаса керек. Ендеше, асыл тілімізді қастерлей білейік.

Ғ.ЖАҢАБАЕВ,
Қызылорда қаласы
№2 сотының
сот приставы.

«БОЛАШАҚ БОСТАНДЫҚТАҒЫ ӨМІРІМ»



Өмірде өз орнын таба алмай қателікке бой алдырған жандар бар. Олар жазасы темір тордың арғы жағында өткізіп, сыртқы ортадағы өмірден бейхабар қалады.

Жуырда Қызылорда облысы бойынша ҚАЗ департаменті 3К-169/5 мекемесінде «Болашақ бостандықтағы өмірім» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Шараға облыстық наркологиялық орталығының маман психологі А.Қалмырзаева мен 3К-169/1 мекемесінің психолог қызметкерлері қатысты. Олар босап шығуына бір жыл қалған пенитенциарлық пробацияға түсетін сотталған азаматтарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

А.ЖҮСПЕКБЕКОВ,
түзеу мекемесінің
инспектор психологы,
әділет лейтенанты.

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА.

Меншік иесі



жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
кабылдау бөлмесі
төл/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ
кабылдау бөлмесі –
төл: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті
жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша
төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» – ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында
қатталып, «Сыр медиа» ЖШС
өз баспаханасында басылады.
Төл: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне
хабарласуға болады.

Таралымы 28697
Тапсырыс №1194

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrbойi@yandex.kz / www.syrboyi.kz